



Тараз қалалық орталықтандырылған көпшілік кітапханалар жүйесі
Централизованная система массовых библиотек г. Тараз

Жамбыл облысының қазыналары

Виртуалды көрме

Тараз - 2018

Ұлы Жібек жолы бойына орналасқан Жамбыл өңірі береке-бірлігі жарасым тапқан елдіктің тұрғырлы мекені.

Бір кездері құдіретті Қарахан мемлекеті салтанат құрған бұл құтты өлкеде Қазақ хандығы ірге көтеріп, туын тікті. Алғаш рет қазақ деп аталған мемлекеттің қос өзен - Шу мен Таластың арасында құрылуы тегін болмаса керек.

Жұз жасаған жыр алыбы Жамбыл атамыздың атын иемденген ежелгі Әулиеата жері - «алтын құрсақты» өңір. Күміс көмей әншілер мен дәулескер күйшілер, білікті билер мен білекті батырлар өткен бұл берекелі аймақ ән мен жырдың кені Кенен Әзірбаев, қылқобызды құйқылжытқан Ықылас Дүкенұлы, Халық қаһарманы Бауыржан Момышұлы сынды біртуар азаматтарды өмірге әкелген.

Жамбыл жері Ұлы Жібек жолы дәуірінен бері өзге халықтар мен мәдениеттерге деген ашықтығымен, жарасқан береке-бірлігімен танымал. Ол кезде бұл жерлермен Еуропаға, Қытайға, Персия мен Оңтүстік Азияға сауда керуендері ағылып жатты. Бұл жерде алуан елдің мәдениеттері тоқайласып, бір-бірлерін байытты. Қазақстанның ең көне қалаларының бірі Тараздың сан ғасырлық тарихы осыны айғақтайды.

Н.Ә. НАЗАРБАЕВ





Тараз тарихы көзі ашық, көкірегі ояу кімді де болса енжар қалдырмаса керек. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқандай, ол — рухани байлығымыздың алтын қиығы. Ол — қазақ халқының мәңгі бастауларының бірі, бабаларымыздың өлмес көзі.


Таразды тану — қазақ тарихын таратып, қырық қатпар астарын, ара жігін айыру.

Тараз тарихы — қазақ үшін шығыстың ұлы Жібек жолы. Адамның алпыс екі тамыры сияқты еліміздің ықлым заманғы болмыс-бітіміне, табиғатына, өнері мен өміріне, мәдениеті мен әлеуметтік жай-күйіне тереңдеп алып кетеді.

Сіздердің назарларыңызға «Жамбыл облысының қазыналары» атты виртуалды көрмемізді ұсынамыз.



TARAZ






Таразымның тарихын танып, білу,
Қазақты танып, білу деп білемін.

Аманжол Әлітаев
айтыскер ақын



**63.3(5Қаз-4Жам)я6
Ж25**




**Жамбыл облысы [Фотоальбом]:
[өлке тарихы, экономика, әлеуметтік
сала]. - Алматы: [баспасыз], 2015. - 217
б.: сурет**



Жамбыл облысының 75 жылдық мерейтойына орай шығарылған бұл фотоальбомда өңірдің табиғаты, тарихы, әлеуметтік-экономикалық салаларының дамуы, ежелгі Тараз бен облыс аудандарының бүгінгі келбеті көрініс тапқан.

Фотоальбом өзінің көркем безендірілген суреттерінің тылсым сұлулығымен оқырманды тартатыны сөзсіз.

Фотоальбомды дайындау барысында фототілшілер А. Қартабаев, В. Барбаш, А. Рысмахан, П. Норкиннің суреттері пайдаланылды.



**63.4(5Қаз-4Жам) Ежелгі және орта ғасырлардағы
Е 33 Тараз бен Жамбыл облысының
қазыналары [Мәтін] / К. М. Байпақов,
Г.А. Капекова, Д.А. Воякин, А.Н.
Марьяшев. - Тараз: Археологиялық
сараптама, 2013. – 320 б. + 1CD. : сурет.**

Кітап ежелгі және орта ғасырлардағы Тараз бен Жамбыл облысының бай тарихи-мәдени мұрасына және оның зерттелу тарихына арналады. Олар: тас ғасыры мен қола дәуірінің ескерткіштері, сақ және үйсін обалары, қаңлылардың қоныстары, Ұлы Жібек жолы бойындағы ортағасырлық қалалар - Тараз бен Құлан, Меркі мен Аспара, Жамұқат пен Касрибас. Сонымен бірге Тараз ескі қаласының орнындағы Кең масштабты қазбалар, оның топографиясы және көне қалалар, археологтардың жұмыстары мен археологиялық қазба барысын-да табылған қыш бұйымдар, алтын, күміс, қоладан жасалған бірегей бұйымдар сипатталады. Түркілердің тас мүсіндері, ортағасырлық озық сәулет өнері, петроглифтер әлемі суреттеледі. Қорытынды қазақтардың қолданбалы өнеріне: сақ, үйсін, қаңлы, ежелгі түркі және қыпшақтардың дәстүрлі қолданбалы өнерін сақтаған өнеріне, кілем мен киіз өндірісіне, оның ою-өрнектеріне: киімдеріне; бас киімдері мен зергерлердің, шеберлердің туындыларына арналады.

Бұл кітап ұсынылған материалдың электрондық нұсқасы бар компакт дискімен, сондай-ақ археология және ескілік әлеміне виртуалды түрде шомып кетуге мүмкіндік беретін арнайы стереобейнелермен жабдықталған.


Жырға лайық елің бар,
Елге лайық ерің бар.
Қыруар завод, қалаң бар,
Тұл жайнаған далаң бар,
Сол даланы жайнайтықан
Жұртқа үлгі адам бар.

Жамбыл



008:7(574.52)
P94


Рысдәулет, М. Жамбылым қандай
тамаша [Мәтін]: мәдениет пен өнер
өрнектері/ Мақұлбек Рысдәулет. -
Алматы: Немцев Антон Борисович,
2017. – 224 б. : сурет



Жамбыл облысының мәдениеті мен өнерінің қысқаша тарихынан бастап, қоғамды дамытудағы бүгінгі орны туралы оқырманға ақпар беретін бұл кітапта өте көп деректер мен дәйектер, жүздеген адамдардың есімдері бар. Кітап сонысымен құнды. Кітаптың басты кейіпкері - мәдениет пен өнер. Кітапта аты аталатын адамдардың бәрі өңірдің мәдениеті мен өнерін жасауға үлес қосқандар. Туынды көркем шығарма болмаған соң: тілі ресмилеу көрінгенімен жатық, жеңіл оқылады. Кітап қалың оқырманға арналған.

94(574.52)
Ә88


Әулиеата. Қарахан. Айша-бибі. Тектұрмас
[Мәтін]/ [кұраст. Мақсұт Даутбаев]. - Тараз:
[баспасыз], 2018. -60 б.



Бұл кітапта аталған әулиелер жайлы кезінде газеттерде шоғырланған материалдар мен тарихи деректерге сүйенген зерттеулерді халыққа жеткізіп отыр. Кітап көпшілік оқырман қауымға арналған.


63.3(5Қаз-4Жам)
Е33

Ежелгі Тараз ескерткіштері [Мәтін] =
Памятники древнего Тараза = The
Monuments of ancient Taraz. - Тараз:
Рысбаева и Ко, 2010. – 103 б. - : сүр.



Кітапта Жамбыл облысында орын тапқан тарихи-мәдени ескерткіштердің толық сипаттамасы берілген. Үш тілде жарық көріп отырған басылым түрлі-түсті фотосуреттермен безендіріліп, тарихи мұралар туралы толыққанды мәліметтермен толықтырылған.

Кітап мектеп оқушыларына, білімгерлерге, ұстаздар мен тарихшы-өлкетанушыларға және Қазақстан тарихына қызығушылығы бар көпшілік қауымға арналған.



63.3(5Қаз-4Жам)
С 31


Сейдазимов, С. Тарихымен табысқан
Тараз [Мәтін] -Тараз: Сенім, 2013. –
280 б.-: сұр.

Тараз қаласының тарихи атауының қайтарылғанына 15 жыл толу қарсаңында жазылған бұл тарихи-танымдық, ақпараттық кітапта негізінен Тараз қаласының тарихы мен көшелері туралы мәлімет қамтылған. Кітап көпшілік қауымға, оқушыларға, тарихшыларға, ономастика саласымен шұғылданып жүрген ғалымдарға арналған.

Құрастырған - Жамбыл облысы бойынша Қылмыстық атқару жүйесі департаментінің мұрағат ісіне жауапты қызметкері Рабиға Тәліпбекқызы Сырғабаева.



63.3(5Қаз-
4Жам)я6
О-96




Ошанов, О. Тараз - Жібек жолының інжу-маржаны [Мәтін] = Тараз - жемчужина Шелкового пути = Taraz - is the pearl of Silk road: Тараз қаласының қысқаша тарихы: Ғұн Ордасынан Қазақстан Республикасына дейін: [фотоальбом] - А.:Таймас, 2014.- 296 б. - : сүр.

Кітап тарихы ықылым замандардан тамыр тартатын Тараз қаласының көне дәуірлерден бүгінгі күнге дейінгі шежіресі туралы сыр шертеді. Мұнда өңірде кезінде бой көтерген мемлекеттік құрылымдар, олардың Қазақ мемлекеттілігін қалыптастырудағы рөлі, сондай-ақ қаланың байырғы тарихын айғақтайтын археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижелері, Тараздың көне жәдігерлері мен сәулеттік ескерткіштері туралы баяндалады. Шығыс пен Батысты жалғаған Ұлы Жібек жолының Тараз жерінің өркендеуіндегі мән-маңызы сараланып, қаланың бүгінгі тыныс-тіршілігі сөз болады.

Басылым Жамбыл облысының құрылғанына 75 жыл толуына арналады.

94(574.52)(084)
К74

Құламанова, З. Тастағы Тараз
тарихы [Мәтін] : [кітап-альбом] -
А.: Аспантау, 2017. – 480 б. - : сүр.



Бұл кітапқа екі мың жылдан астам тарихы бар, көне түркі жұртының шаруашылығы мен мәдениетінің үлкен ошағы болған, тарихи ескерткіштер көп орын тепкен Тараз өңірінің киелі, қасиетті орындары жайлы ғалым Зиба Құламанованың зерттеу мақалалары еніп отыр.

Әсіресе түркі жұрты тарихында айрықша орны бар Қарахан, Айша бибі, Бабаджа хатун т.б. көне ескерткіштер жайлы мәліметтер мен мағлұматтардың құндылығы өте жоғары.

Бұл өңірден ел бастаған би-шешендер, қазақ жерінің азаттығы жолында жан аямай күрескен талай-талай батырлар шыққан. Еңбектің жас ұрпақтың ел тарихын танып-білудегі маңызы өте үлкен болмақ.


Мазмұны

Тараз өңіріндегі қасиетті орындарға шолу	4
Өңір тарихы — жер - су аттарында	5
Ежелгі заман атаулары	39
Ерте ортағасырлық көне атаулар	66
Жаңа дәуірлік елді мекендер (XVI—XIX ғғ.)	105
Аймақтарды айқындайтын атаулар	137
Аймақтық елді мекендердің лексикалық қабаттары	139
Туыстас және өзге тілдерден енген атаулар	149
Аймақтағы біріккен тұлғалы атаулар	273
Тіркесті күрделі атаулар	283
Атаулардың ұлттық мәдени сипаты	317





Тараз — өткен мен бүгінгі күннің арасын
жалғастырушы киелі де қасиетті жері, мәңгіліктің
бейне – нышаны...




908(574)
K18

Қазақстанның өңірлік қасиетті нысандары [Мәтін] = Региональные сакральные объекты Казахстана / [ред. Г. Акжолова, С. Уралова.]- Астана:Фолиант, 2017.-504 б.-: сүр.

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы аясында жазылған бұл кітап - рухани құндылығымызды жаңғыртатын бастама. Алғаш рет шығарылып отырған еңбектің ұлттық салт-дәстүрімізді, әдет-ғұрпымызды, мәдениетімізді, өмір салтымызды заманға сай одан әрі байытуда, саналы ұрпақ тәрбиелеп шығаруда маңызы ерекше зор. Кітапта көрсетілген қасиетті жерлердің әлі де болса қаншама сырын ішіне бүгіп жатқаны анық. Басылым еліміздің табиғи, тарихи ескерткіштерін зерттеуге қызығушылық танытқан көпшілік оқырманға азық болар деп ойлаймыз.


МАҚАЛЫҢЫ СОДЕРЖАНИЕ	
АЛҒЫ СӨЗ	4
ПРЕДИСЛОВИЕ	5
АСТАНА ҚАЛАСЫ	6
ГОРОД АСТАНА	14
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ	23
ГОРОД АЛМАТЫ	69
АКМОЛА ОБЛАСЫ	105
АКМОЛЫНСКАЯ ОБЛАСТЬ	142
АЛМАТЫНСКАЯ ОБЛАСТЬ	165
АКТОБЕ ОБЛАСЫ	206
АКТОБЫНСКАЯ ОБЛАСТЬ	224
АТЫРАУ ОБЛАСЫ	
АТЫРАУСКАЯ ОБЛАСТЬ	
БАТЫС КАЗАХСТАН ОБЛАСЫ	
БАТЫС КАЗАХСТАНСКАЯ ОБЛАСТЬ	
БАШҚОРСТАН ОБЛАСЫ	
БАШКОРТОСКАЯ ОБЛАСТЬ	
ЖАҢАШЫ ОБЛАСЫ	
ЖАҢАШЫНСКАЯ ОБЛАСТЬ	
ЖАҢАШЫНСКАЯ ОБЛАСТЬ	
ЖАҢАШЫНСКАЯ ОБЛАСТЬ	

КОСТАНАЙ ОБЛАСЫ	
КОСТАНАЙСКАЯ ОБЛАСТЬ	280
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛАСЫ	
ҚЫЗЫЛОРДИНСКАЯ ОБЛАСТЬ	300
МАҒЫСТАУ ОБЛАСЫ	
МАҒЫСТАУСКАЯ ОБЛАСТЬ	337
ОҢТҮСТІК КАЗАХСТАН ОБЛАСЫ	
ОҢТҮСТІК КАЗАХСТАНСКАЯ ОБЛАСТЬ	366
ПАВЛОДАР ОБЛАСЫ	
ПАВЛОДАРСКАЯ ОБЛАСТЬ	421
СӨЛІСТҮТІК КАЗАХСТАН ОБЛАСЫ	
СЕВЕРНО-КАЗАХСТАНСКАЯ ОБЛАСТЬ	439
ШЫҒЫС КАЗАХСТАН ОБЛАСЫ	
ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКАЯ ОБЛАСТЬ	469



**908(574) Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті
Қ18 нысандары [Мәтін] = Сакральные объекты
Казахстана общенационального значения =
The Kazakhstan sakred objects of whole national
importance [ред. А. Кемелбаева т.б]. - Астана:
Фолиант, 2017. – 496 б.**

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы аясында жазылған бұл кітап - рухани құндылығымызды жаңғыртатын бастама. Алғаш рет шығарылып отырған еңбектің ұлттық салт-дәстүрімізді, әдет-ғұрпымызды, мәдениетімізді, өмір салтымызды заманға сай одан әрі байытуда, оны бүгінгі ұрпақтың санасына сіңіру арқылы жаңа ұрпақты қалыптастыруда маңызы зор. Кітапта көрсетілген қасиетті жерлердің әлі де болса қаншама сырларын ішіне бүгіп жатқаны анық. Басылым кез келген туған өлкесінің табиғи, тарихи ескерткіштерін зерттеуге қызығушылық танытқан көпшілік оқырманға арналады.



**Ұсынып отырған виртуалды көрmemіз, сіздердің та
тақтасындағы сан түрлі әлі күнге шейін құпия мұрағаттар
ашуға құштарлықтарыңызды арттырып, болашаққа
сілтейтініне сенеміз!**

мызды күнттай білейі

Ұсынып отырған виртуалды көрмеміз, сіздердің тарих тақтасындағы сан түрлі әлі күнге шейін құпия мұрағаттарды ашуға құштарлықтарыңызды арттырып, болашаққа жол сілтейтініне сенеміз!

*Назар аударғандарыңызға
рахмет!*



*Виртуалды көрме
Тараз қаласы ОККЖ
ақпараттық — библиографиялық
қалтамасыз ету бөлімінде
жасалды*